



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05-05-15 № 287

Орал қ.

г. Уральск

**Облыс мектептерінде жалпы орта білім туралы  
аттестаттарды тапсыру рәсімін және мектеп  
бітіру кештерін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №01-4-02-5/1271-И хатына сәйкес мектеп бітіру кештерін ұйымдасқан түрде және қауіпсіз өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Облыстың барлық жалпы білім беретін мектептерінде 2015 жылдың **20 маусымында** мектеп бітіру кештері және жалпы орта білім туралы аттестаттарды табыс ету рәсімдері өз мектептерінде өткізілсін.

2.Мектепті бітіру кештерін көңіл көтеретін ойын-сауық орындарында өткізуге және мектеп әкімшілігі мен педагог қызметкерлерге сыйлық алу үшін білім алушылар мен олардың ата-аналарынан ақша жинауға қатаң тыйым салынсын.

3.Мектеп бітіру кештері мектеп өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі екенін ескере отырып, кештерді жоғары деңгейде және үлгіде өткізу мүмкіндігі қарастырылсын.

4.Бітіру кештерін өткізу кезінде қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, мұғалімдер мен ата-аналар, құқық қорғау органдары мен өртке қарсы қызмет өкілдерінен тұрақты кезекшілік ұйымдастырылсын.

5.Аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінде және облыстық мектептерде мектеп бітіру кештерін өткізуге жауапты штабтар құрылсын.

6.Бітіру кештерін өткізу кезінде мектеп түлектерінің өміріне және денсаулығына жауапкершілік білім беру ұйымдарының басшыларына жүктелсін.

7.Мектеп түлектерімен, ата-аналармен және мұғалімдермен мектеп бітіру кештері кезінде өзін-өзі ұстау тәртібі бойынша нұсқаулық өткізілсін.

8.Бітіру кештері кезінде түрлі пиротехникаларды пайдалануға, мектеп бітірушілерінің ішімдіктерді қабылдауына және шылым шегуіне тыйым салынсын.

008526

9.Мектеп бітіру кештерін өткізуге жауапты облыстық штаб құрылсын (1-қосымша).

10.Мектеп бітіру кештерін өткізу барысында жауапты штабтар жұмысы туралы толық ақпарат ағымдағы жылдың 21 маусымына дейін білім басқармасына жолдасын.

11.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары З.Гумароваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



*Handwritten signature in blue ink.*

А.Мыңбаева